Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 03-07 қазан айы, 2022-2023 оқу жылы

| **Апта күні** | **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Баламен жеке жұмыс** | **Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы** |
|---|---|---|---|
| **Жұма**<br><br>**07.10.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Не қайда өседі?. Көкөністер мен жемістер. Түстер әлемі.**<br>Ғажайып сәт. Мәшиненің дыбысы.<br>**Көркемсөз.**Терезенің сыртында, Гүрілдеп тұр немене? Гүр-гүр-гүр! Гүр-гүр-гүр! Көлігім толып тұр! Ашыңдар! Ашыңдар! Сәлем, кішкентай достар!<br>**«Көгөністер мен жемістер» дидактикалық ойыны.**<br>*Мақсаты.* Ересектер ұсынған көгөністер мен жемістердің атауын атауды, оларды тани білуді, «көгөністер», «жемістер» деп жалпылама атауды үйрету.<br>*Ережесі.* Балалар жүк көлігіне тиелген заттарды бір-бірден алып, оның атауын педагогтің соңынан ілесе отырып атайды. Қалған балалар дұрыс жауабын қайталайды. Балалар бақша мен бақ бейнеленген тірек суреттерге қарап, педагогтің артынан жалпылама сөздерді қайталайды. Көгөністер мен жемістер. Ойынға қатысу, жауап беру, дұрыс жауаптарды қайталауды қолдап отырады.<br>*Барысы.*Педагог көгөністер мен жемістерді бір-бірден алып шығып, саусақпен айналдыра жүргізіп, дұрыс атауын атайды. Бақшаға макетіне қояды.<br>**«Көгөністер мен жемістер» сергіту сәті.** Орташа темптегі ритмикалық әуеннің жазбасы.<br>**Саусақ жаттығуы.**Бұлт жиналды, жиналды, (алақандарын ашып жұмады)<br>Жаңбыр жерге тамады. (бір қолдың алақанына екінші қолдың саусақтарын жаңбырдың тамшылары сияқты тырс-тырс еткізеді)Күннің көзі ашылды, (саусақтарын жан-жаққа ашады)Жаңбыр лезде басылды. (жұдырықтарын түйіп, үстелге қояды)<br>Балаларға бір-екі рет қайталату.<br>**«Қандай түсті?» дамытушылық ойыны.**<br>Мақсаты: көгөністер мен жемістердің арасынан аталған түсті (қызыл, жасыл, тоқсары) табуды үйрету, таңдауын түрлі түсті фонға сәйкестендіру арқылы тексеру.<br>Ережесі: әр балаға заттық суреттер тобынан біреуін қолына алуға мүмкіндік беріледі: | «Көгөністер мен жемістер» дидакти калық ойыны.<br>Мақсаты*:* ересектер ұсынған көгөністер мен жемістердің атауын атауды, оларды тани білуді, «көгөністер», «жемістер» деп жалпылама атауды үйрету. | Көгөністер мен жемістерге тән түстерді айтуға жаттықтыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | алма, алмұрт, апельсин, қызанақ, қияр, сәбіз.<br>**«Не жоқ?» зейінге арналған жаттығу.**<br>**Материалды бекіту, қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** көгөністер мен жемістердің атауларын еске сақтайды және оларды бір-бірінен ажырата біледі, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атайды. Тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсінеді. | | |
| **Жұма**<br>**07.10.2022ж.**<br>«Балдырған» ересек тобы | **Көкөністер мен жемістерді жинаймыз. Геометриялық пішіндер.**<br>**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»** Көліктердің жүргені мен мотор дыбысы естіледі.<br>**Көркемсөз. «Көңілді көлік».** Қандай үлкен жүк көлік! Күзгі астық тиеліп! Үйге қарай жақында! Қораптарда жеміс бар, Дәруменді азықтар. Көгөністі ғажаптар. Тағы қандай қызық бар?<br>**Суретті көрсету (немесе затты көрсету).**<br>Көгөністер мен жемістер тиелген жүк көлігінің суреті (немесе ойыншық) көрсетіледі.<br>**Сөздік жұмысқа арналған зияткерлік карта. «Жемістер мен көгөністер».**<br>Педагог эстафета ойынында қолданған жемістер мен көгөністердің таратпалы карточкаларын дайындайды. Педагог орталық екі шеңберге арналған көгөністерді, «бақша» және «бақ» атты жемістерді білдіретін карточкаларын дайындайды. Балаларға бақ пен бақшаның екі суретін көрсетіп, «бақша» мен «бақ» карточкаларын зияткерлік картаның ортаңғы шеңберіне орналастыру бойынша жұмыс жүргізеді.<br>**Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого-ырғақ. «Жемістер-көгөністер».**<br>Педагог сөздерді айта отырып, аталған көгөністер мен жемістердің жұп суреттерін көрсетеді: картоп пен сәбіз; қызанақ пен бұрыш; сарымсақ пен бұрыш; алма мен өрік; банан мен киви; апельсин мен алмұрт. (топпен қайталау)<br>Картоптарды қазып ал, Сәбіздер де қызық-ақ, Пиязбен қызанақ, Ащы бұрыш, сарымсақ, Піскен алма, өрік бар, Банан мен киви бар, Апельсин мен алмұрттар, Бізде бәрі, бәрі бар.<br>**Грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуге арналған зерттеушілік негіздегі сөздік жаттығу. «Айналамыздағы геометриялық пішіндер».**<br>Жаттығуды өткізу үшін педагог геометриялық пішіндерді дайындайды: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.<br>**Бекіту, қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** балалардың ұғымында күзгі астық, қысқа дайындық туралы түсініктер қалыптасады. Жемістер мен көгөністердің ерекшеліктері бойынша топтастырады. геометриялық пішіндер мен олардың қасиеттері туралы біледі. | «Айналамыздағы геометриялық пішіндер». Жаттығуды өткізу үшін педагог геометриялық пішіндерді дайындайды: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш. | Жемістер мен көгөністердің ерекшеліктері бойынша топтастыруды жетілдіру. |

Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 10-14 қазан айы, 2022-2023 оқу жылы

| **Апта күні** | **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Баламен жеке жұмыс** | **Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы** |
|---|---|---|---|
| **Жұма 10.10.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Нан дастарханға қалай келеді? «Ә», «Ө» дыбыстары.**<br>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!».<br>Жұмбақ жасыру.<br>Терезенің алдына Қойып қойды суытып. Иісі мұрын жарады, Өзі сары болады. Ата менен ападан, Не қашып барады? Дұрыс! Бауырсақ қашып барады.<br>**Суретпен жұмыс.** Суреттерді рет-ретімен көрсетіп әңгімелеу.<br>**Сергіту сәті.** Бидайдың дәнін аламыз, Егістікке барамыз. Енді дәнді егеміз, Өскенінше күтеміз. (тізе бүгіп отырады) Күн шуағын шашады, (қолдары бастан жоғары) Жаңбыр суын құяды, (жүресінен отыру, қолдарын төмен түсіру, саусақтарын ашу) Өскін өсе бастады (баяу көтерілді) Көкке бойын созады, (аяқтарының ұшына тұру, қолдарын жоғары көтеру) Күз келгенде піседі, (денесін оңға және солға теңселту) Қамбаларға түседі. (екі қолды жоғары көтеру, үйіліп жатқан бидайды көрсеткендей қимыл жасау) Қамбалардан көлікпен, (көлікпен кетіп бара жатқандай, рульді оңға және солға бұрғандай кейіп таныту) Диірменге жетеді. Диірменнен ақ ұнтақ, Наубайшыға кетеді. (жұдырықты түю, нан илегендей қимылдар көрсету) Наубайшының нандары, Дүкендерге жетеді. (ауада екі қолмен төртбұрыш, дөңгелек пішіндердің суретін салу) Дүкендерден ыстық нан, Дастарқанға келеді. (екі қолды алдыға қарай созу, алақандарын ашу) Бір бөлке нан піскенше Талай еңбек кетеді! (сұқ саусақтарын көрсету, алға және артқа қозғау) Адамдардың еңбегін, Бағалайық ендеше. Қастерлейік ақ нанды, Шамаларың келгенше. (екі қолдарын жүректің тұсына қою)<br>**«Содан кейін не істейміз?» дидактикалық ойыны.** Суреттерге қарап, нанның дастарқанға дейін қалай келетінін рет-ретімен айтып береді.<br>**«Үшіншісі артық» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: артық затты анықтауды үйрету. Әрбір карточкада үш сурет бар. Екеуі нан өнімі де, біреуі нан өнімі емес. Артығын тауып, дұрыс атауын айту керек.<br>**Нақыл сөздер.** Ас атасы - нан. Нан бар жерде ән бар Дәнді шашпа, нанды баспа. | «Үшіншісі артық» д/о.<br>Мақсаты: артық затты анықтауды үйрету. Әрбір карточкада үш сурет бар. Екеуі нан өнімі де, біреуі нан өнімі емес. Артығын тауып, дұрыс атауын айту керек. | Нақыл сөздер.<br>Ас атасы - нан.<br>Нан бар жерде ән бар Дәнді шашпа, нанды баспа. (қайталау) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Артикуляциялық жаттығу. Ө дыбыстарын ажыратуға арналған жаттығулар.**<br>То-тө, шо-шө, до-дө, мо-мө, Ко-кө, зо-зө, жо-жө, уо-уө, Но-нө, по-пө, со-сө, ло-лө, Го-гө, ро-рө, бо-бө, го-гө, То-тө-то, шо-шө-шо, по-пө-по, мо-мө-мо, но-нө-но.<br>Доп, мол, бол, кол. Шөп, шөл, төл, көл. Өзен, ожау. Орақ, өрік. Көз, қаз, бөлтірік, қолтырауын.<br>**Жаңылтпаш жаттату.** (Ә дыбысына байланысты)<br>Әдемілік - әдеп, Әумесерлік - әлек.<br>**Күтілетін нәтиже:** фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсінеді, нанның дастарқанға келу жолы туралы біледі. (ө) дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптасады, анық естіп, ажыратады, буындарда, сөздерде дұрыс айтады; Ересек адамдардың еңбегіне құрмет негіздеріне баулып, нанды қастерлей білуге үйренеді. | | |
| Жұма 1б 10.2022ж. «Балдырған» ересек тобы | **Сиқырлы бауырсақтар. Ыдыстар.**<br>**Шаттық шеңбері Аудиотаспа тыңдау. Таңғажайып сәт.**<br>**Көркемсөз**. Нандай жоқ қой асыл зат. Жеп үйренген жасынан. Береке кетер асынан. Дастарқаннан нан кетсе, Ей, балалар, балалар! Болмаңдар, сірә, нанға зар Өмірдің алтын арқауы. Бар қасиет нанда бар!<br>Сюжетті тірек суреттер бойынша мәнерлеп әңгімелеу. «Сиқырлы бауырсақтар».<br>**Сергіту сәті. «Астық егемін».**<br>Педагог балаларды ашық, кең жерге шақырады. Іс-қимылмен көрсетеді. Балалар сөздерін айтады, қимылмен көрсетеді.Бір дәннен бидайдың шығуы, егіннің жайқалуы, ұнның пайда болуы, бауырсақтың пісуі.<br>Бидай бітік өсіпті, (тізерлеп отыру, қол белде) Жайқалып желмен есіпті. (орындарынан тұру, қолды жоғары көтеру) Мол астыққа кенеліп, (қолды көтеріп сермеу)<br>Ақ бидайды жесіпті. (қолды белге қойып, екі жаққа кезек-кезек бұрылу)<br>Қуанышқа келген жұрт: - Құтты болсын! - десіпті. (қол шапалақтау) - Кел, күшіңді біріктір, Диірменді түйіп көр. (жұдырық түю, алақанды ашу) Қамба есігін ашайық, (қолды екі жаққа жаю) Ұннан қамыр басайық. (алақанның сыртқы жағымен ысқылау)<br>«Алтын астық» тойына, Ақ бауырсақ жасайық. (екі алақанмен дөңгелек жасау)<br>Қамырды бірге жаяйық. (екі алақанды ашу) Әжемізге көмектесейік (екі алақанмен дөңгелек жасау) Ыстық бауырсақ пісірейік (екі алақанмен дөңгелек жасау, үрлеу)<br>**Дидактикалық ойын. «Дастарқан әзірлеу».**<br>Мақсаты: ыдыстар жайлы білімдерін бекіту, жаңа ыдыстармен таныстыру, ыдыстардың атауларын дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Шарты: ыдыстарды бір-бірінен ажырату, дұрыс атау, қолданылуын түсіндіру.<br>Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. **Еске сақта:** мақал - «Ас атасы - нан»<br>**Бекіту және қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** әңгіменің реттілігін сақтайды, қойылған сұрақтарға лепті сөйлемдермен жауап бере алады. Өлеңді мәнерлеп айтып , мағынасын түсінеді. | «Дастарқан әзірлеу» д/о. Мақсаты: ыдыстар жайлы білімдерін бекіту, жаңа ыдыстармен таныстыру, ыдыстардың атауларын дұрыс айтуға жаттықтыру. Шарты: ыдыстарды бір-бірінен ажырату, дұрыс атау, қолданылуын түсіндіру. Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. | Өлеңді мәнерлеп айтуға баулу, мағынасын түсіндіру. |

Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 17-21 қазан айы, 2022-2023 оқу жылы

| **Апта күні** | **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Баламен жеке жұмыс** | **Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы** |
|---|---|---|---|
| **Жұма 21.10.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Алтын күз.**<br>Аудиожазбаны тыңдау. Әдемі вальс әуені ойнайды.<br>**Суретті көрсету.** Қонаққа күз келді. **Көркемсөз.** Күз ханшайым сыбырлап, Тыныш қана үн қатты: Жапырақтар ұшыңдар, Жауа түссін тамшылар.<br>**«Күз мезгілі» әңгіме.** Күз туралы бейнеролик көрсету. Мнемокарточкаларға сүйеніп, әңгіме бойынша сұрақтар қою.<br>**«Жапырақтар, ұшыңдар» сергіту сәті.** Балалардың қолдарына екі-екі жапырақтан беріледі (екі сары, тоқсары мен сары, сары мен қызыл). Вальс әуені қосылады. Балалар педагогтің қимылдарына ілесіп, сөздерін бірге қайталайды. Қимыл-қозғалыстарды екінші рет қайталағаннан кейін, соңғы сөздерден кейін жапырақтар төмен қарай түсіріледі. Жаттығу кезінде кілем үстіне бірнеше қызыл және тоқсары жапырақтар қойылады.<br>Күз ханшайым сыбырлап, (қолдарындағы жапырақтарды жоғары көтеру, қолды екі жаққа жоғарыдан ашу)<br>Тыныш қана үн қатты: (жартылай отыру, қол екі жақта, қолдың білезік тұсын қозғалтып отырып, ақырын көтерілу)<br>Жапырақтар ұшыңдар, (қолдарындағы жапырақтарымен айналу)<br>Жауа түссін тамшылар. (қолдарын алдыға қарай созу, жан-жаққа сермеу)<br>**Саусақ жаттығуы. «Жаңбыр».** Сөздерге ілесіп қимылдарын келтіруді қолдау, сөйлемдердегі соңғы сөздерін қайталатып айтқызу. Жаттығуды бірнеше рет қайталау. Жаңбыр, жаңбыр, тырс-тырс-тырс, (бір қолдың саусақтарын екінші қолдың алақанына жаңбыр жауғандай тырсылдату, саусақпен тықылдату) Шаршамайсың, жауасың! (сұқ саусағын оңға және солға қозғау) Тамшылармен тырс-тырс-тырс, (саусақтарды бүгу, жазу, жоғарыдан төмен жаңбыр жауғандай қимылдар көрсету) Адамдарға тамасың (екі алақандарын екі жаққа ашу)<br>**Жұмбақ.** Көкек - көкек, Ға-ға-ға. У-һу-у-һу, Да-ла-да! Ән салады, ұшады, Ұшақ па? Кім байқады? Жұмбақты бірнеше рет қайталау.<br>**«Жапырақтарды жинайық» рефлексия** | Көркемсөз.<br>Күз ханшайым сыбырлап,<br>Тыныш қана үн қатты:<br>Жапырақтар ұшыңдар,<br>Жауа түссін тамшылар.<br>«Күз мезгілі» әңгіме.<br>Күз туралы бейнеролик көрсету.<br>Мнемокарточкаларға сүйеніп, әңгіме бойынша сұрақтар қою. | Жыл мезгіліне байланысты шағын төрт жолдық өлең жолдарын айту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже:** «күз» сөзін қолдануды, септік жалғауларын өзгерте отырып қарапайым сөз тіркестерін құрайды, құстардың атын атауды, табиғат құбылыстары туралы шағын төрт жолдық өлең жолдарын айту арқылы жыл мезгіліне, жаңбырға, жауған жапырақтарға деген қарым-қатынасын білдіре алады. | | |
| **Жұма 21.10.2022ж.** «Балдырған» ересек тобы | **Көліктер. Қала мен ауыл. Көп-аз.**<br>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!» Ғажайып сәт.<br>Педагог балаларға ата, Алан мен Дананың суретін көрсетеді.<br>Жұмбақ. Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді, Су ішеді. Мотормен жүреді? (Мәшине.)<br>**Заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Жерүсті, су, әуе көліктері».** Жаттығуды ұйымдастырудың алдында педагог тақтаға немесе қағаз бетіне көлік түрлері үшін қажетті орта әзірлейді: әуе (аспан), жер, су. Көлік түрлерінен бір-бірінен алшақ орналастырады. Жаттығуды сандық форматта да ұйымдастыруға болады, ол үшін слайд әзірлеу қажет. Педагог көлік түрлерінің көрнекі суреттерін дайындайды: жеңіл мәшине, мотоцикл, велосипед, автобус, ұшақ, тікұшақ, кеме, қайық. Балалар тәртіппен ортаға шығады, заттарды таңдайды, атайды және сәйкес ортаға орналастырады. Жаттығу соңында педагог көліктер мен әр ортаны белгілеп, балалармен бірге қорытынды жасайды.<br>**Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. «Қане, көрсет.»** Педагог балаларды ашық кеңістікке шеңбер құрып тұруға шақырады. Қимылды шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүріп отырып қайталайды.<br>Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (қолды екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)<br>Мәшине жүріп келеді, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл көрсету)<br>Пароход жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, қолды толқын тәрізді екі жаққа ирелеңдету) Мотоцикл жүріп келеді. Қане, көрсетші. (екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру) Тікұшақ ұшып келеді. Қане, көрсетші. (қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту) Велосипед жүріп келеді. Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу, денені екі жаққа теңселту) Катер жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Автобус жүріп келеді, Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу) Орташа қарқындағы ырғақты әуен қосылады.<br>**Сәйкестендіру негізінде сөйлем модельдеу жаттығуы «Қалада көп, ауылда аз».**<br>Педагог қала мен ауыл бейнеленген екі көрнекі суретті көрсетеді. Педагог көрсеткішті қолданады. Қала жайлы айтқанда нұсқап тұрады. Ауыл жайлы айтқанда, ауылға нұсқайды.<br>Педагог қол қимылымен «аз» және «көп» ұғымдарының мөлшерін көрсетеді.<br>Материалды бекіту мен қорытындылау.<br>**Күтілетін нәтиже:** көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы біледі. «қала» мен «ауыл», сондай-ақ, «аз» және «көп» мөлшерлік ұғымдарын, «тез - баяу» әрекет белгілерін түсінеді. Қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық түсініктері артады. | Сәйкестендіру негізінде сөйлем модельдеу жаттығуы «Қалада көп, ауылда аз». Педагог қала мен ауыл бейнеленген екі көрнекі суретті көрсетеді. Педагог көрсеткішті қолданады. Қала жайлы айтқанда нұсқап тұрады. Ауыл жайлы айтқанда, ауылға нұсқайды. Педагог қол қимылымен «аз» және «көп» ұғымдарының мөлшерін көрсетеді. | «Аз» және «көп» мөлшерлік ұғымдарын, «тез - баяу» әрекет белгілерін пысықтау сұрақ-жауап жұмысын жүргізу. |

Тексерілді; [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 24-28 қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 28.10.2022ж.** «Балдырған » ересек тобы | **Не қалай дыбыстайды? Үй жануарлары мен төлдері. Ақырын - қатты. «Ә», «Ө» дыбысы.**<br>**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**<br>*Үй жануарлары туралы бейнеролик көрсету.*<br>**Көркемсөз.** Қозы бар, Құлын бар. Желпілдеген тұлым бар. Бұзау бар, Лақ бар. Сылдырар бұлақ бар ...<br>**Көру мен есту зейініне арналған сөздік жаттығу. «Үй жануарларын ата, есіңе сақта».** Педагог үй жануарларының көрнекі (заттық) суреттерін дайындайды: сиыр, жылқы, доныз, қой, ешкі. Жаттығуға үй жануарлары төлдерінің суреттері қажет: бұзау, құлын, торай, қозы, лақ. Педагог үй жануарларын және оларға жататын кейбір нысандарды еркін тәртіпте орналастырады. Педагог балаларға үй жануарларын атап, еркін жүйеде орналастыруға мүмкіндік береді. Жаттығудың соңында тиін мен қаз үй жануарлары емес екендігі анықталады.<br>**Сахналау негізінде лого-ырғақ «Төлдер».** Педагог артикуляцияға сәйкес өлеңді оқиды. Күні бойы аулада, Ән салады бары да. Бәә! Бәә! - бақырады ешкі. Қорс! Қорс! - қорсылдайды торай. Мөө! Мөө! - мөңірейді сиыр. Мәә! Мәә! - маңырайды қой. Иии! Иии! - жылқы кісінейді, Ненің дауысы, кім біледі? Өлең сөздерін әуен ырғағымен айтпас бұрын, педагог балалармен жарыс-жаттығу өткізеді. Педагог сандық мөлшерлері бірдей үй жануарлары төлдерінің бетперделерін үстел үстіне қояды: құлын, лақ, бұзау, торай, қозы. Бетперделер саны, балалар өздеріне ұнаған үй жануарының төлін таңдап алу үшін жеткілікті болуы керек. Топтағы жұмыстың бастамасы ретінде педагог кез-келген үй жануарының заттық суретін көтеріп көрсетеді: ешкі, шошқа, сиыр, қой, жылқы.<br>**Сәйкестендіруге арналған сөздік-логикалық жаттығу. «Төлін тап»** Педагог үй жануарларының қастарында бос орын қалатындай орналастырады. Не болмаса, үй жануарларын жоғарғы жаққа орналастырып, балалар төлдерін төменгі жақтағы енесіне | Көру мен есту зейініне арналған сөздік жаттығу. «Үй жануарларын ата, есіңе сақта». Педагог үй жануар-ларының көрнекі (заттық) суреттерін дайындайды: сиыр, жылқы, доныз, қой, ешкі. Жаттығуға үй жануарлары төлде-рінің суреттері қа-жет: бұзау, құлын, торай, қозы, лақ. Педагог үй жануарларын және оларға жататын кейбір нысандарды | Үй жануарлары төлдеріне байланысты диалог құру. «Қатты - ақырын» қимыл-әрекетінің белгілеріне байланысты жаттаған лого-ырғақты әннің сөздерін қайталау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сәйкестендіріп, бәрін жұптастырып қояды.<br>**«Ә», «Ө» дыбысына фонемо-түзетушілік жаттығу. «Ақырын - қатты».** Педагог балалармен жаттаған лого-ырғақты әннің сөздерін қайталайды.<br>1. АҚЫРЫН. Күні бойы аулада, Ән салады барлығы да.<br>– Бәә! Бәә! Ешкі бақырады. – Қорс! Қорс! Торай қорсылдайды.<br>– Мөө! Мөө! Сиыр мөңірейді. – Мәә! Мәә! Қой маңырайды.<br>– Иии! Иии! Жылқы кісінейді. – Ненің дауысы, кім біледі?<br>2. АҚЫРЫН. 3. ҚАТТЫ. 4. ЖАРТЫ ДАУЫС.<br>**Материалды бекіту мен қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** қойылған сұрақтардың сипатына қарай жауап бере алады. Қазақ тіліне тән «Ә», «Ө» дыбыстарын анық айта алады. үй жануарлары туралы түсініктері кеңейеді, үй жануарлары төлдерінің атауларымен танысады; «қатты - ақырын» қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсінеді; жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау. | еркін тәртіпте орналастырады. Балаға үй жануар-ларын атап, еркін жүйеде орналас-тыруға мүмкіндік береді. Жаттығу-дың соңында тиін мен қаз үй жануар-лары емес екендігі анықталады. | |
| **Жұма 28.10.2022ж.**<br>«Балбөбек » ортаңғы тобы | **Күз айлары. Күзгі табиғат.**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді.)<br>Армысың, абзал Адам! (Қолдарын алға созады.)<br>Армысың, менің досым!<br>**Көркемсөз.**<br>Сарғайды тоғай, Сап-сары маңай, Соңғы әнін айтып,<br>Құс кетті қайтып. Жапырақ ұшты, Суық та түсті.<br>Сонда да бізге, Қызық көп күзде!<br>**Дыбыстық жаттығу.**<br>Ү- ү-үз-үз – келді күз. Ү-ү-ү-үй - қыр-гү -йек – қыргүйек<br>Қ-қ-қ-қа- қа-зан – қазан Қ-қ-қ-қа- қа-ра-ша – қараша<br>**Ойын: «Кім тапқыр».** *Педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету.*<br>Топтағы ойыншықтарды атап, сипаттау. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Жаңылтпашты жаңылмай айтайық.**<br>Күз, кез, күз, Күш, кеш, көш, Күл, кел, көл, Кілең қысқа сөз,<br>Кім оқиды тез? Балалар жаңылтпашты қайталайды: жай, жылдам.<br>**Сергіту сәті.**<br>Массаж: балалар бір-бірінің артына сөздерді қайталап, сурет салады.<br>Күн шықты, Сәулесін шашты, Бұлт жапты,<br>Жаңбыр жауды, Кемпірқосақ шықты.<br>**Ойын: «Қолшатыр».** | Суретпен жұмыс.<br>Суретке қарап, сөйлем құра.<br>Күзде қандай өзгерістер болады? Ата. | Алтын, сары, қызыл көк – Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.<br>Жаттау. |

Тексерілді: 
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 30-04 қараша айы 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бо-йынша тәрбие-шілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 04.11.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Күз айлары. Күзгі табиғат.**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді.)<br>Армысың, абзал Адам! (Қолдарын алға созады.)<br>Армысың, менің досым!<br>**Көркемсөз.**<br>Сарғайды тоғай, Сап-сары маңай, Соңғы әнін айтып,<br>Құс кетті қайтып. Жапырақ ұшты, Суық та түсті.<br>Сонда да бізге, Қызық көп күзде!<br>**Дыбыстық жаттығу.**<br>Ү- ү-үз-үз – келді күз. Ү-ү-ү-үй - қыр-ғү -йек – қырғүйек Қ-қ-қ-қа- қа-зан – қазан<br>Қ-қ-қ-қа- қа-ра-ша – қараша<br>**Ойын: «Кім тапқыр».** *Педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету.* Топтағы ойыншықтарды атап, сипаттау. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Жаңылтпашпен танысу.** Күз, кез, күз, Күш, кеш, көш, Күл, кел, көл, Кілең қысқа сөз, Кім оқиды тез?<br>Балалар жаңылтпашты қайталайды: жай, жылдам.<br>**Сергіту сәті.** Массаж: Балалар бір-бірінің артына сөздерді қайталап, сурет салады.<br>Күн шықты, Сәулесін шашты, Бұлт жапты, Жаңбыр жауды, Кемпірқосақ шықты.<br>**Ойын: «Қолшатыр».**<br>«Жаңбыр» деген сөзден кейін, балалар алақанын төмен қаратып ұстап тұрады. Балалар сұқ саусақтарын | Суретпен жұмыс. Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата. | Алтын, сары, қызыл көк – Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Жаттау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «Жаңбыр» деген сөзден кейін, балалар алақанын төмен қаратып ұстап тұрады. Балалар сұқ саусақтарын алақанның ішіне тигізіп тұрады. Педагог үшке дейін санап, алақанын жұмады, осы кезде балалар жылдам қолдарын алуға тырысады. Қай баланың қолын ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>1.Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата.<br>Балалар сөйлем құрайды.<br>**2.**Жаттап ал. *Педагог тақпақты бірге жаттауды ұсынады.*<br>Алтын, сары, қызыл көк – Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз айларын айтады, жаңылпаштарды жай және жылдам қайталайды. | | |